

**Ақкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № А-3/70 "2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы № А-6/192 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 шілдеде № 4875 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 4 наурыздағы Заңына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақкөл ауданы әкімдігінің «2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» 2015 жылғы 4 наурыздағы № А-3/70 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4736 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 сәуірде «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КЗ» аудандық газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

**3-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:**

«Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға т а р а л а д ы » .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары Н.Т.Әбдірахмановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т.Едігенов*